

БЕКІТЕМІН

«Борлыбұлақ ауылының
«№42 негізгі орта мектебі» КММ
директорының м.а

Велик
Оспан А.М.

« _____ » 2023 жыл



**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша
Мемлекеттік құзырлы органдармен бірлескен «Борлыбұлақ ауылы №42 негізгі орта мектебі» КММ-нің
2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының
КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сабақтарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылуы керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен

әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашанырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдыққағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командалық жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

Туғаннан 6 жасқа дейінгі бала тәрбиесі

Мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінде:

- баланың дербес әрекетіне қолдау көрсету;
- баланың шексіз мүмкіндіктеріне сенім білдіру;
- баланың қызығушылық танытқан іс-әрекеттерін сынап көруіне мүмкіндік беру ұсынылады.

Ұсынылады:

- бесік-жырлары, арнау-тілек өлеңдер, өтірік өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар мен мақал-мәтелдер, жұмбақтар, балалар айтысы және басқа да балалардың тілдік қарым-қатынас жасауына қолайлы халық ауыз әдебиетінің үлгілері мектеп жасына дейінгі бала тәрбиесінің құралы ретінде жүйелі қолдану;
- балабақшада түскі (ұйқы) демалыс алдында оның жақсы ұйықтап, тынығуы үшін 0-3 жас аралығындағы бөбектерге бесік жырын (басқа да балаларға арналған жағымды әуенді әндер) тыңдату, ал 3 жастан асқан балаларға мейірімділік пен жақсылықты дәріптейтін ертегілер айту дәстүрін енгізу;
- балалармен ертегі сағаттары, «Әжемнің ертегісі», «Бал бала» тіл ширату жобалары мен іс-шараларын жүзеге асыру;
- балалардың жас ерекшелігін, қызығушылығы мен қажеттілігін ескере отырып ұлттық қимыл-қозғалыс ойындарын, спорттық қимыл-қозғалыс ойындарын жүйелі қолдану ұсынылады.

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату») өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде

қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;

- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейсітік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б.

шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере

отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту; - адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертифицикагталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;

- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;

- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

Кешенді жоспардың орындалуын бақылау мен басшылық жасау білім ұйымдарының бірінші басшыларына жүктеледі.

Орындалған іс-шараларды әлеуметтік желілерде жариялау #Біртұтас_тәрбие хештегін тегтеу

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожса Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл
- Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ							
1	1 қыркүйек - Білім күні «Мектеп – мейірім мекені» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-7 сыныптар	01.09.2023	Салтанатты жиын және сынып сағаттары	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық», «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым» республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2	5 қыркүйек – Ахмет Байтұрсынұлы күні «Толық адам» Абай ілімі («Жеткіншектің жеті жарғысы»	5-7 сыныптар	1 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

3	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-7 сыныптар	01.09.2023	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО-Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
4	Челлендж «Дене сергіту» («Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы аясында)	1-7 сыныптар	1 апта	Челлендж	Әлеуметтік желілерге жариялау	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО-Г.С.Канафина, дене шынықтыру пәні мұғалімі-А.М.Оспан
5	«Ұлы даланың – ұлтаралық тілі» (ұлы даланың халықаралық тілі) («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	1-7 сыныптар	1 апта	Онкүндік (жеке жоспармен) Сынып сағаты	Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО-Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
6	«Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	2 апта	Сынап сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО-Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
7	Отбасы күніне арналған іс-шаралар	1-7 сыныптар	2 апта	Сынап сағаты	Акция Іс-шаралар	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО-Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
8	«Мектеп спорты апталығы», «Спорт ойындары күні» спорттық акция	1-4 сыныптар	3 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО-Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
9	Еріктілер ұйымын құру («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-7 сыныптар	3 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО-Г.С.Канафина сынып жетекшілер
12	28 қыркүйек – Қазақ жазушылары күні «Кітапқа жазылмаған	1-7 сыныптар	3 апта	Сынып сағаты		№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО-Г.С.Канафина, сынып жетекші

	тарих» атты Ерлік сабақтары («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)								
13	«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	5-7 сыныптар	4 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер		
14	Еңбек күні (Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-7 сыныптар	4 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер		
15	«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» («Даналық мектебі» жобасы)	5-7 сыныптар	4 апта	Сыныптан тыс шара	Сыныптық шараның сценарийі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер		
16	«Электронды темекі туралы аңыз бен шындық» мектепшілік пікір талас	5-7 сыныптар	4 апта	Сыныптан тыс іс -шара	Сыныптан тыс шара жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер		
17	Ата-аналармен сабақ	1-7 сыныптар	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс-шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер		

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ АЙЫ

- 1 қазан - Қарттар күні
- 5 қазан – Мұғалімдер күні
- 25 қазан – Республика күні
- Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл
- Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшіһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл
- Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл
- Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл
- Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жыл
- Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ							
1.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда ...» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-7 сыныптар	1 апта	Сыныптан тыс жұмыс	Сыныптан тыс жұмыстың жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2.	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп» жобалары)	1-7 сыныптар	1 апта	Сынып сағаты	«Білімге ұмтылу, еңбексүйгіштік және Отаншылдық» «Менің сүйікті мектебім», «Менің алғашқы ұстазым»	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер кітапханашы-Бопина А.М.

						республикалық онлайн акциясы #Bilim_quni хэштегі				
3.	Жол қозғалысының қауіпсіздігі	1-9 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс шара	Сыныптан тыс шарасының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер			
4.	«Өнегелі өмір» (<i>Рухани келісім күніне орай кездесу, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу</i>)	5-7 сыныптар	2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер			
5.	15 қазан Сәкен Сейфуллиннің туған күніне арналған «Сәкен - сахара сұңқары»	1-7 сыныптар	2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер			
6.	Балаларды құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтандыру бойынша көркем фильм мен деректі фильмдерді көрсету	5-7 сыныптар	3 апта	Сыныптан тыс шара	Сыныптан тыс шарасының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер			
7.	Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	5-7 сыныптар	3 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер			

8.	«Бес нәрсеге асық бол...» («Жеткіншектің Жеті Жарғысы»)	1-4 сыныптар	3 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
9.	Челлендж ҚР Мемлекеттік Гимнін орындау	1-7 сыныптар	4 апта	Челлендж	Әлеуметтік желілерге жариялау	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
10	«Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-7 сыныптар	4 апта	Ата-аналар сағаты, ата - аналар жиналысы	Ата-аналар жиналысының хаттамасы	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
11	«Ертегі- танымның көзі» («Даналық мектебі» жобасы)	Ата-аналар	3 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс шараның жоспары, сценарийі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
12	«Ел тірегі» Республика күніне орай («Жеткіншектің жеті жарғысы»)	1-7 сыныптар	4 апта	Апталық, сынып сағаты	Жеке жұмыс жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
13	«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл- күй, күйзеліске түспеу»	1-7 сыныптар	4 апта	Сыныптан тыс іс-шара,	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, дене шынықтыру пәні мұғалімі- Оспан А.М.
14	Ата-аналармен сабақ	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс-шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

- 15 қараша - Ұлттық валюта күні
- Күзгі демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)							
1.	«Отбасылық дәстүрлер» («Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы)	1-4 сыныптар 5-7 сыныптар	Күзгі демалыс уақыты	Ата-аналар жиналысы	Сынып сағатының жоспары, Ата-аналардың жиналысының хаттамасы	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2	«Әкеге-ізет, анаға – құрмет» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
3.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-7 сыныптар	1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
4	«Қоғамға қызмет ет» (Еңбегі адал жас өрен)	5-7 сыныптар	1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
5.	«Оян, ар мен адалдық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-7 сыныптар	2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
6	15 қараша - ҚР Ұлттық валюта күні	5-7 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс шара	Сценарий	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

7	«Ассамблея жастары» мектептің өзін-өзі басқару өкілдерімен «Бейбітшілік пен келісім сабақтары» форматында мотивациялық кездесулер өткізу («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-8 сыныптар	3 апта	Сыныптан тыс шара	Командалық жұмыс, Тимбилдинг	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
8.	Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-7 сыныптар	3 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
9.	Челлендж «Асық ату» («Тоғыз айға, тоғыз шара жобасы»)	1-7 сыныптар	3 апта	челлендж	Әлеуметтік желілерге жариялау	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
10	«Ағасы бардың- жағасы бар» («Даналық мектебі» жобасы)	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
11.	«Өнегелі өмір» Денсаулық сақтау ұйымы өкілдерімен электронды темекі мен вейтің алдын алу бойынша әңгіме)	5-7 сыныптар	4 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс шараның жоспары, сценарийі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
12	Ата-аналармен сабақ	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс-шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ							
1	7 желтоқсан -Ақсақалдар және бата беру күні «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»	1-7 сыныптар	1 апта	Сынып сағаты (ата-аналар сағаты)	Сынып сағатының жоспары, хаттама	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2	«Мен - еріктімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-7 сыныптар	1 апта	Сынып тыс шара	Сыныптан тыс шара жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
3	«Тарих пен тіл тамырлас» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-7 сыныптар	2 апта	Сынып тыс шара	Сыныптан тыс шара жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
4	«Көк тудың желбірегені» («Ұрпаққа аманат» жобасы)	1-4 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары/сценарийі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
5	«Қазақстан – біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	1-7 сыныптар	2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағаттың жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
6	Челлендж «Шығарма жазу: Болашаққа хат» (тоғыз айға тоғыз іс-шара)	5-7 сыныптар	13.12.2023 ж.	Челлендж	БАҚ мақала	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

7	18 желтоқсан - Тәуелсіздік үшін күрескен ұлт қайраткерлерін еске алу күні. «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» (« <i>Ұрпаққа аманат</i> » <i>жобасы</i>)	1-7 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары, сценарийі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
9	24 желтоқсан - халық батыры Бауыржан Момышұлы күні «Таным. Тағылым. Тәрбие» (« <i>Еңбегі адал жас өрен</i> » <i>жобасы</i>)	1-7 сыныптар	3 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
10	Білім алушылардың денсаулығы мен әл- ауқатын нығайтуда спорттық ойындар өткізу	5-7 сыныптар	4 апта	Сыныптан тыс іс-шара ата аналармен бірге	«Дені сау ұрпақ» негіздемесі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
11	«Қош келдің, Жаңа жыл»	1-4 сыныптар	4 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
12	Ата-аналармен сабақ	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс- шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)							
1.	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен»	1-7 сыныптар	1 апта	Ата-ана жиналысы	Хаттама	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2.	«Қыз намысы – ұлт намысы»	1-7 сыныптар	1 апта	Ата-ана жиналысы	Хаттама	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
3.	10 қаңтар - Қазақ әдебиеті және Азаматтық лирика күні. Қазақ жазушысы Ілияс Есенберлиннің туған күніне орай («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) 12 қаңтар – қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Қонаев күні	1-7 сыныптар	1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
4.	«Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)	1-4 сыныптар	1 апта	Сыныптан тыс шара	Сыныптан тыс шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, кітапханашы-Болина А.М.

5.	«Парасаттылық туралы» («Еңбегі адал жас өрен», «Ұрпаққа аманат» жобалары)	1-5 сыныптар	2 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
6.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, балалар қудалаудың, балалар ортасында мектептегі ағыстардың алдын алу	5-7 сыныптар	2 апта	Сынып сағаты	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың зорлық- зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі ағыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, мектеп инспекторы
7.	«Қалдықтарды табысқа айналдырайық» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-4 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
8.	«Адал ұрпақ» клубының дөңгелек үстелі «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» («Еңбегі адал жас өрен » жобасы)	5-9 сыныптар	3 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

9.	«Бабалар дәстүрі-ұрпаққа өсиет» («Даналық мектебі» жобасы)	Ата-аналар, педагогтер	3 апта	Ата-аналар сағаты,сынып сағаты	Хаттама, сынып сағат жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
10	«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-6 сыныптар	4 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары/сцена рий	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі- Оспан А.М.
11	Челлендж. Қазақ есебі	1-7 ныптар	26.01.2024ж	Челлендж	Әлеуметтік желілерге жариялау	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер Математика пәнінің мұғалімі- Бакирова А.С.
12	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-7 сыныптар	4 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
13	Ата-аналармен сабақ	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс- шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ АЙЫ

- 2 ақпан Ұлттық баспа күні
- 15 ақпан -Ұлттық тарих күні. Е.Бекмаханнның туған күні
- 15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні
- 27 ақпан –«Салт дәстүр күні»

№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ							
1.	«Жаңылтпаш айтқан жалықпас» («Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары))	1-4 сыныптар	1 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2.	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» жобалары))	5-7 сыныптар	1 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
3.	«Мінсіз адам тәрбиенің ең жоғары мақсаты» Абайдың «Толық адам» ілімі («Балалар кітапханасы» жобасы)	5-7 сыныптар	1 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
4.	«Тарихқа тағзым» «Алаш жолы» («Жеткіншектің Жеті жарғысы», жобасы)	6-7 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценаріі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

5.	15 ақпан – Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күні	8-9 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс іс-шара, кездесу	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарий	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
6.	«Ырым- тыйым – әдептілік негізі» («Даналық мектебі» жобасы)	Ата-аналар	3 апта	Сыныптан тыс іс-шара, кездесу	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарий	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
7.	Балалардың ақпараттық сауаттылығын және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету. Кибербуллинг туралы ескерту	5-8 сыныптар	3 апта	Ашық ақпараттық сабақтар	Іс-шараның жоспары/сценарий	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
8.	«Адал еңбекті құрметтеу» «Адал ұрпақ» клубының қатысуымен шара («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-7 сыныптар	3 апта	Сыныптан тыс іс-шара, кездесу	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарий	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
9.	27 ақпан – «Салт дәстүр күні» («Ұрпаққа аманат» жобасы)	1-11 сыныптар	4 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
10.	Челлендж «Оқуға құштар мектеп»	1-7 сыныптар	28.02.24	челлендж	Әлеуметтік желіге жариялау	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, кітапханашы-Болина А.М.
11	Ата-аналармен сабақ	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс-шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ АЙЫ

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 14 наурыз-Көрісу күні. Амал мерекесі
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ							
№	Іс-шараның атауы	Максатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
1	1 наурыз Алғыс айту күні «Мың алғыс, ...» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	5-7 сыныптар	01.03.24	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена риі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2	«Адалдық- адамдықтың белгісі» (Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы)	1-4 сыныптар	01.03.24	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
3	5 наурыз – Әлихан Бөкейхан күні	1-7 сыныптар	04.03.2024	Сынып сағаты, сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
3	«Бәрі де, Ана, бір өзіннен басталды»	1-7 сыныптар	1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	Директордың ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
4	«Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі» («Даналық мектебі»)	Ата-аналар	2 апта	Ата- аналармен іс- шара	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

5	14 наурыз-Көрісу күні. Амал мерекесі. (Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	1-7 сыныптар	2 апта	Ата - аналармен бірлесе сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
6	Ұлттық ойын мен спорттық шаралар ұйымдастыру және өткізу: «Көңілді старт», «Әке, шеше және мен- спортшымыз шетінен». Республикалық марафон «Мен салауатты өмір салтын қолдаймын!»	1-6 сыныптар	3 апта	Сайыстар	Әлеуметтік желіге жариялау	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі- Оспан А.М.
7	Ұлыстың ұлы күні -Наурыз мейрамы (Ата- аналар мектебі)	1-7 сыныптар	3 апта	Жеке жұмыс жоспары, сынып сағаты	Әлеуметтік желіге жариялау	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
8	Ата-аналармен сабақ	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс- шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

СӘУІР – ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ АЙЫ

- 1 сәуір Қазақ өнері күні Нұрғиса Тілендиевтің туған күні
- 7 сәуір -Қазақ спорт күні Қажымұқан Мұнайтпасов туған күніне
- 12 сәуір - Ғылым күні
- 24 сәуір - Ұлт қайраткерлері күні. Х.Досмухамедтің туған күні

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ							
1.	1 сәуір Қазақ өнері күні Нұрғиса Тілендиевтің туған күніне орай. «Домбыра Party» («Ұрпаққа аманат» жобасы)	1-7	1 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2.	«Достық – көмекпен мықты» 7 сәуір -Қазақ спорт күні <i>Қажымұқан Мұнайтпасов туған күніне орай</i>	5-7 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс шара	Сыныптан тыс шараның эзирлемесі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі-Оспан А.М.
3.	«Ұмыт болған ұлттық тағамдар» 9 сәуір – Ұлттық тағамдар күні	1-7 сыныптар	2 апта	Ата аналар сағаты сынып сағаты	Сынып сағатының эзирлемесі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
4.	Челлендж «Шахмат ойнау» («Тоғыз айға тоғыз іс шара»)	1-7 сыныптар	2 апта	Челлендж	Әлеуметтік желіге жариялау	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

5.	12 сәуір - Қазақ ғылымы күні Қаныш Сәтбаевтың туған күніне орай іс шаралар	1-7 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс шара	Сыныптан тыс шараның әзірлемесі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
6.	«Жасыл мектеп»	1-7 сыныптар	3 апта 15 – 19 сәуір	Экологиялық мәдениетін қалыптастыру апталығы, сынып сағаты	Апталық жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
7.	15 сәуір – Селт еткізер – Кестелі орамал күні «Ұлы Дала мұрагерлері» жобасы («Жеткіншектің жеті жсарғысы» жобасы)	5-7 сыныптар	15.04.2024 ж.	Сыныптан тыс шара	Сыныптан тыс шараның әзірлемесі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
8.	24 сәуір - Ұлт қайраткерлері күні. Х.Досмухамедтің туған күніне орай	1-7 сыныптар	4 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
9	«Қыздар білуге тиіс.....» («Даналық мектебі» жобасы)	Ата-аналар	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс-шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
10	Ата-аналармен сабақ	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс-шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ АЙЫ

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Мақсатты аудитория	Орындалу мерзімі	Ұйымдастыру түрі	Аяқталу нысаны	Білім беру ұйымының атауы	Жүзеге асырушы жауапты мамандар
ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ							
1	1 мамыр – Қазақстан Республикасының бірлігі күні «Өркендей бер, Қазақстаным»	1-7 сыныптар	1 апта	Ата- аналар сағаты, сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
2	« Ұлттар достастығы» («Балалар кітапханасы», «Оқуға құштар мектеп», «Ұрпаққа аманат»)	1-7 сыныптар	01 -03. 2024ж	Сыныптан тыс шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сценарийі	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
3	«Жеңіс деген шат күлкісі баланын» («Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)	5-7 сыныптар	1 апта	Сыныптан тыс шара	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
4	15 мамыр - қазақ халқының сүйікті аналары мен қыздарының күні өткізу	1-7 сыныптар	2 апта	Ата-аналар сағаты/ сынып сағаты	Ата-аналар сағатының хаттамасы	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
5	«Оқырмандар отбасы» («Ата-аналар мектебі» жобасы)	5-7 сыныптар	2 апта	Ата-аналар жиналысы	Хаттама	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер

6	«Жасыл мекен» Челленджи («Тоғыз айға – тоғыз іс-шара»)	5-7 сыныптар	2 апта	Челлендж	Әлеуметтік желіде жарияланым	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, биология пәнінің мұғалімі- Есеєва Ж.Д.
7	«Менің гүл бақшам» («Еңбегі адал жасөрен» жобасы)	1-7 сыныптар	2 апта	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс- шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер, биология пәнінің мұғалімі- Есеєва Ж.Д.
8	«Отбасы FEST» фестивалі («Ата-аналар мектебі» жобасы) Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» («Ұлттық мектеп лигасы»)	1-11 сыныптар	Сыныптан тыс іс-шара	Сыныптан тыс іс-шараның жоспары/сцена риі		№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
9	«Менің кішкентай Отанымның картасы» («Ұлттық мектеплигасы» жобасы)	1-7 сыныптар	3 апта	Сынып сағаты	Сынып сағатының жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер
10	Ата-аналармен сабақ	Ата-аналар, педагогтер	4 апта	Ата-анамен өткізілетін іс- шар	Іс-шараның жоспары	№42 негізгі орта мектеп	ДТЖЖО- Г.С.Канафина, сынып жетекшілер